

Қазақ тілі		Мерзімі:	Сыныбы: 8 - а	М.Бегалин ат гимназияның әдебиеті пәні Шинибекова
Ашық сабақтың тақырыбы:		Табиғат және біз		
Жалпы сабақтың мақсаты:		Оқытудағы жаңа тәсілдерді қолдана отырып, тапсырмаларды оқушылар менгеруін ұйымдастыру, оқушыларды өз бетімен ой қорытындыларын жасау табиғатты қорғау туралы түсініктерін биіктету		
Оқу нәтижелері:		- Оқушылар үш түрлі суреттерді таңдау арқылы топқа бөлінеді. -Оқушылар жаттығуларды бірлесе орындай отырып сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыра отырып, алған білімін досымен үйренеді, өздерін шынайы бағалауды үйренеді. -Оқушының сабаққа деген белсенділігі артады. - Қоршаған ортаны қорғау туралы грамматикалық тапсырмаларды- жалпы есімдер мен етістіктің бұйрық райы бойынша тапсырмаларды орындау қалыптасады. - Талдау жұмысын жүргізу шеберлігі қалыптасады. - Дүниетанымы кеңейеді, пәнге деген қызығушылығы артады, шығармашылық қабілеттері дамиды.		
Түйінді идеялар:		Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын тереңдетуді үйренеді. Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыра отырып, әр түрлі сұраққа жауап бере алады.		
Сабақтың типі:		Білім және іс- әрекет тәсілдерін кешенді қолдану		
Сабақтың түрі:		Проблеманың шешімін табу сабағы		
Сабақты ұйымдастыру түрі:		тренинг		
Белсенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер:		«Ынтымақтасу» әдісі, «Миға шабуыл», «Басбармақ» әдісі, «Бағдаршам» әдісі, «Тексер», «Пирамида», «Ойлан-жұптас-бөліс», «Шыңға көтерілу», «Кім біледі?», «Қазақшаңыз қалай?» «Ұтылмайтын лоторея» әдісі, «Маған көмек» әдісі		
Жұмыс түрлері:		жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыс		
Жас ерекшелігіне сай:		Газет, журнал, интернет материалдары, тест сауалдары		
Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі яғни дереккөздері, ресурстар:		Стикерлер, түрлі- түсті қағаздар, тест сауалдары, берілген көрсеткіштер, презентация 		
I Қызығушылығын ояту кезеңі				
Уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	
1мин	1-әрекет «Ынтымақтасу» сыныпта жағымды атмосфераны қалыптастыру	Оқушылар бір-бірлерімен шаттық шеңбері арқылы қолдарын ұстасып, ақ лебіздерін бір сөзден айтып шығады. Сыныпта ынтымақтастық атмосфера қалыптасады		
1мин	2-әрекет. «Топтас» әдісі арқылы топқа бөлу кезеңі.	Енді, топқа бөлінейік, ол үшін мына қағаздарды таңдаңдар. Жасыл түсті қағазды таңдағандар «Жайлау» тобы, көк түсті қағазды таңдағандар «Аспан» тобы, сәбіз түстес қағаздарды таңдағандар «Алтын күн» тобының мүшелері. Сендерге сәттілік тілеймін!		
1мин	3- әрекет. Бағалау критерийлерімен таныстыру. Оқушылар кезеңдерді ажыратады. Яғни	Оқушылар кезеңдерді ажыратады. Оқушылар бірін-бірі бағалаған кезде нелерді ескеру керектігін, шынайы, әділ бағалау керек екенін түсінеді.		

	білімдерін қалай бағалайтындарын біліп алады.	Оқушылар бағалау парақшаларымен танысады	
5мин Білу	4-әрекет. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі «Ұтылмайтын лотерея» әдісі: қазір, сендер, мына қораптан үй жұмысы бойынша жазылған сауалдарға жауап бересіңдер. Қане, кім жауап береді? Қораптың ішінде келесі сұрақтар бар: 1. Табиғат туралы мақал айт. 2. Табиғат сөзі қандай буындардан тұрады? 3. «Шарын» шатқалы Қазақстанның қай жерінде орналасқан? 4. Жалқы есімдерге географиялық атауларға байланысты мысал келтір. 5. Табиғатқа байланысты тыйым сөздерге мысал келтір. 6. «Туады, шығады, түседі, келеді» кімнің өлеңі және ол не туралы? 7. Етістіктің бұйрық райына мысал келтір. <u>10 сұрақтан тұратын тест сауалдарын тарату.</u>	Оқушылар жұп болып бірін- бірі тексеріп, ең жоғары деңгейде орындаған оқушыны анықтайды. Топ басшысы барлық балалардың үй тапсырмаларын тыңдап болғаннан кейін бір-бірімен ақылдаса отырып бағалайды	Үй тапсырмасын қалай түсінгенін «Басбармақ» әдісі бойынша тексеремін Басбармақ Оқушылардың басбармақтарын көрсету арқылы өз түсіндіргенді оқушының үй деңгейін тексеріңіз. Басбармақ жоғарыға қарай = Мен түсінемін. Басбармақ көлденең = Мен түсінгендеймін. Басбармақ төмен қарай = Мен түсінбедім.  Тест жұмыстарын бірін- біріне тексерту
3мин	5-әрекет. «Миға шабуыл» әдісі бойынша жаңа сабақтың тақырыбын ашу. Егер оқушылар білмей қиналып бара жатса, онда «Көпір» әдісін қолдана отырып, сұрақтар қойып, ой тастап, тапсырманы жеңілдетемін	Балалар, алдымен сабақтың ұранымен танысайық: Адамдардың табиғатсыз күні жоқ, Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ. Балалар, мен сендерге бағалау парақшаларын таратамын, критерийлерді қараңдар, әр топ басшылары өз тобын бағалап отырады. Сабақ соңында бағалары айтылады. - Біз қазір бейнефильм көреміз, сендер сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтаңдар. «Қызығушылықты ояту» стратегиясы: «Қазақстанның табиғаты мен экологиясы» тақырыбында бейнефильм көрсету. Фильм мазмұнына байланысты ой қорыту. -Бейнефильм сендерге қандай әсер қалдырды және сендер нені көрдіңдер? -Табиғат- бізге сыйға тартылған құндылық деген ұғымды қалай түсінесіңдер? -Табиғат өледі деп айтып жатады, осыған қалай қарайсыңдар? -Табиғаттың зардап шегуіне әсер ететін себептер: -Табиғат дегеніміз не? Осы жерде оқушыларға постер дайындауды ұсынамын. (Постер дайындау. Үш топқа проблемалық бағытта презентациялар дайындату). -Сендердің ойларыңша, бүгінгі сабақтың тақырыбы қалай аталады? -Сабақтың мақсатын қалай анықтар едіңдер? Неге? Оқушылар жоғары реттегі сұрақтарға жауап береді. Сабақтың тақырыбын ашады. Мақсатын анықтайды. 	Жеке жұмыс. Белсенді қатысып, көп жауап беріп отырған оқушыны топ басшысы бағалап отырады

			
10мин Түсіну	6-әрекет «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі: Жеке жұмыс, жұптық, топтық жұмыс. Балалардың өз бетімен сабақты түсінуін қадағалау. Бір-бірін бағалағанда шынайы бағалап жатқанына көз жеткізу	Дәптерлеріне бүгінгі күнді, сабақ тақырыбын жазады. Жағдаят: экраннан бір оқушы өзін мазалап жүрген сұраққа жауап іздейді: -Әрине, экология мәселесі – ең өзекті мәселе. Бірақ та біздің елімізде табиғаты әсем, көлдері мөлдір, саялы ормандары көп жерлер баршылық. Тек қана экологияның кері әсерін айта бергеннен ешнәрсе өзгермейді ғой. Сендер қалай ойлайсындар? -Иә, өте орынды сауал. Үкімет қарамағында қазір бірталай қорықтар мен бактар бар. Ол жерлерде түрлі маман иелері жұмыс істеп, табиғатымызды қорғауда. Бағана бейнефильмде көрсетілгендей, Бурабайдың сұлулығы, таудағы көлдердің әсемдігі, жасыл ормандардың көркемдігі бізді қуантады. -Адам мен табиғат егіз деген ұғымды қалай түсінесіңдер? -Себебі адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес. Су, ауа, от, жеміс, ағаштар адамға қажет табиғат бөліктері. -Көмек бергендеріңе рахмет! -Саған да рахмет!	 Жаңа тақырыпты түсіну дәрежелерін «Бағдаршам» әдісі бойынша тексеремін.
Қол-дану			
	Мағынаны ажырату кезеңі		
10мин Тал-дау	7-әрекет. «Шыңға көтерілу» әдісі: Мәтіннің ішіндегі жаңа сөздермен «Пирамида» әдісін қолдана отырып, сөздік жұмысын жасау «Қазақшаңыз қалай?» әдісі бойынша А1, А2 топта отырған оқушыларға тапсырма беріледі.	Оқушылар бұл тапсырманы жазбаша орындайды. Мәтінді оқып, құрамында берілген табиғатқа байланысты сөздердің мағынасын түсініп, сөйлем құрастырады. Жаңа сөздермен жұмыс: мекендейді-обитают тығыз байланысты- тесно связано ластамай- не загрязняя қорғау- охранять, защищать 1.Сөздіктің көмегімен сөз тіркестері мен сөйлемдер құрастыру мүмкіндіктерін байқау. Жеке жұмыс 2. Мәтінді оқып, мазмұнын айту. « Мені түсін » әдісі бойынша, мәтіннен тірек сөздерді тактаға жазу	Түсіну дәрежелерін «Бағдаршам» әдісі арқылы тексеремін 
3 мин	8-әрекет. Сергіту сәті	Баяу естілген музыканың ырғағында үш тілде Гетенің « Қараңғы түнде тау қалғып » өлеңі қазақша, немісше, орысша оқылады. Абайдың әні баяу естіліп тұрады.	
3 мин	9-әрекет. « Жорға » ойыны «Дұрыс- бұрыс» әдісін қолдану арқылы лексикалық білімдерін биіктету	Оқушылар сыни ойлана отырып, берілген тапсырманы орындайды. Сәйкестендіру карталарын толтыру арқылы грамматикалық сауаттылықтарын шыңдау.	Топ басшылары өз топтарының ішінен кім тез, дұрыс орындады, соны ақылдаса отырып бағалайды

			
	Ой толғаныс кезеңі		
3 мин Жи-нақ-тау	10-әрекет. «Кім тапқыр?» әдісі бойынша	Оқушылар сыни тұрғыдан ойлана отырып, топтық тапсырмаларды орындайды: «Кубизм» стратегиясы: I топ тапсырмалары : 1-тапсырма: а) оқулық 207 беттегі Ш.Уәлихановтың нақыл сөзінің мағынасын түсіндір. б) осы нақыл сөздерді орысшаға аудар. 2-тапсырма: Егер сен ақын болсаң, онда ... 3- тапсырма: Табиғат туралы сөйлем құрастыр. II топ тапсырмалары : 1-тапсырма: а) оқулық 207 беттегі А.Чеховтың нақыл сөзінің мағынасын түсіндір. б) осы нақыл сөздерді орысшаға аудар. 2-тапсырма: - Егер сен суретші болсаң ... 3- тапсырма: Елімізде өсімдіктің өте көп түрлері өседі. Сөйлемді талда. II топ тапсырмалары: 1-тапсырма: а) оқулықтың 207 бетіндегі Шыңғыс Айтматовтың нақыл сөзі не туралы? б) осы сөздерді орыс тіліне аудар. 2- тапсырма: Егер сен композитор болсаң... 3-тапсырма: Құлыншақ, жапырақша, омарташы сөздерін сөз құрамына қарай талда. - Сенің ойыңша, табиғат дегеніміз не? -Табиғат дегеніміз бізді қоршаған орта, таулар, өзендер, жануарлар т.б. - Біз нені қорғаймыз? -Біз табиғатты қорғаймыз.	
2 мин Баға лау	11-әрекет. Қорытынды	Бүгінгі сабақта қойған мақсатымызға жеттік пе? Не білдік? Болса, сабағымызды қорытындылайық. Балалар, біз экологиялық тәрбиені өзімізден бастауымыз керек пе? Қалай ойлайсыңдар? Енді, балалар, алдарыңда жатқан стикерлерге сабақтан алған әсерлеріңді жазып, «Тілек ағашына» ілейік. Бағалау: топ басшылары бағалау парақтарын өткізулеріңді сұраймын . Олай болса, жоғары деңгейде «5»- ке жауап берген оқушыларды «Медеу» мұз айдынына шақырамын. Жақсы деңгейде «4»- ке жауап бергендерді «Орталық саябаққа» шақырамын, міне, шақыру қағаздарың. Орташа деңгейде «3»-ке жауап бергендерді білімдерін көтеру үшін «С.Бегалин атындағы кітапханаға» шақырамын, міне, рұқсат қағаздарың.	
1 мин Үй тапсырмасы	11-әрекет. «Маған көмек» үй тапсырмасы: жоғары деңгейде «5»- ке жауап берген оқушыларды «Медеу» мұз айдынына шақырамын. Үйге тапсырма: «Менің экологиялық проблемаларға деген көзқарасым» атты эссе жазу. Міне, шақыру қағаздарың. Жақсы деңгейде «4»- ке жауап бергендерді «Орталық саябаққа» шақырамын, міне, шақыру қағаздарың. Үйге тапсырма: деңгейлік тапсырмаларды орындау. Орташа деңгейде «3»-ке		Тапсырманы дәптерлеріне қалай орындау керектігін бір- бірлеріне түсіндіреді. Күнделіктеріне жазады

М. Бегалин атындағы № 120 гимназия

8- а сыныбында

«Табиғат және біз»
атты ашық сабақтың
талдамасы

Алматы қаласы

